

МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы

МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы

менгерушісі  
Р.И.Айтжанова



Ұйымдастырылған іс –әрекеттің тақырыбы:

«Тазалық - денсаулық кепілі»



Қазақ тілі пәні мұғалімі:

Д.Балтабекова

Ақсукент 2024ж

**Iс –әрекеттің тақырыбы: «Тазалық - денсаулық кепілі»**

**Iс –әрекеттің міндеті:** балаларға тазалық туралы түсінік беру, мәдени – гигиеналық және өз – өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** тазалыққа, ұқыптылыққа, денсаулығын күтүге тәрбиелеу.

**Iс –әрекеттің көрnekілігі:** жеке, мазмұнды суреттер, тазалық құралдары. (сабын, тіс щеткасы, тарақ, айна, қол орамал).

Дағды: Тазалық дағдысы,

### **I. Ұйымдастыру бөлімі.**

Амандасу.

Қазақстан Республикасының Әнұранын жат аламыз.

Жылулық шеңбері.

- Балалар, бір – бірімізге, келген қонақ апайларға жылы жүзбен қарап, қуаныш сыйлайық. Осы алған күш – қуатымызбен сабагымызды бастайық.

Көне енді, тілімізді жаттықтырып алайық. Менімен бірге өлеңді қайталайық

**Тіл дамыту өлеңі:**

Таза бала мұнтаздай,

сүйсінеді қараған.

Ұқыпты деп бұл қандай,

жақсы көреді бар адам.

### **II. Негізгі бөлім.**

Тазалық туралы түсінік беру.



Бұгін біздер іс –әрекетімізде тазалық туралы айтамыз, яғни сабағымыздың тақырыбы « Тазалық – денсаулық кепілі». Тазалық дегеніміз қол, денесін, киімін таза ұстай, уақытылы жуынып жүру. Мысалы: тамақ ішер алдында міндettі түрде қолды жуып отыру керек. Адам ұйқыдан тұрганда қолын, бетін, кұлағының ішін жуады, тісін тазалайды ұйқыға жатар алдында соны орындауы керек. Оған кішкентай кезінен бала дағылану керек.

Дені сау адам көңілді, мықты, жұмысқа қабілеті жақсы болады.

Сонымен адам:

1. Аптасына бір рет моншаға бару, душ қабылдауы керек.
  2. Аптасына бір рет тырнағын алу керек.
  3. Бірнеше рет шашын тарау керек.
  4. Әркімнің өз тарағы, тіс щеткасы, қол орамалы болу керек.
- Ал сендер балалар тазалықты сақтайсындарма?
- Өз тіс щеткаларын, қол орамалдарын бар ма?

Балаларға күнделікті тісіне күтім жасауды үйрету. Таңертең және кешке, бір күнде екі мезгіл тістерімізді жууды үйретеміз. Тіс жуу барысымен таныстырамыз.

### Ойын «Қол орамалдарын жуамыз»

Кәзір біздер ойын ойнаймыз, тәзікке қол орамалдары салынған, кім тез және таза жуады?

Кәне бастайық!.....



### **Жұмбактарды шешу:**

1. Ертемен күнде сен, қолына сүйкесең.

Кетер кір ласың, тап – таза боласын. Бұл не? ( Сабын)

1. Шомылған баланы аймалап алады.

Суртеді қолынды, суртеді дененді. Бұл не? ( Сұлгі).

### **III. Сергіту сәті.**

Таңғы бда тұрамын.

Бетімді жуамын

Айнага қараймын.

Шашымды тараймын.



### **Ойын: «Сиқырлы қапшық»**

Кәзір біздер ойын ойнаймыз мына қапшықтын ішінде заттар бар сол заттардың ішінен тазалық құралдарын тауып алып көрсетулерін керек.

### **IV. Қорытындылау.**

- Сонымен сабақта не туралы айттық? ( Тазалық туралы)

- Тазалық құралдары нелер? ( Сабын, орамал, қайшы, тіс щеткасы, тарақ, қол ормал)